



КҮНДЕЛІК

Журнал жүргізудің айқын артықшылығы – жазу дағдыларын жетілдіруге және мектептегі үлгерімін жақсартуға көмектеседі.

Емле, тыныс белгілері, стиль – мұның барлығын күнделікке жазуды тұрақты әдетке айналдыру арқылы жақсартуға болады. Күнделік мансаптың алғашқы қадамы болуы мүмкін. Күнделік жүргізу әдеті қызықты нәрселерді жазуға, өткінші ойларды сақтауға, ішкі уайымдарын талдауға, өзіндік авторлық стилін қалыптастыруға үйретеді – мұның бәрі болашақ жазушыларға, журналистерге, блогерлерге пайдалы болады. Күнделікті шет тілінде жүргізсеңіз болады – бұдан жақсы жазуды үйренесіз және шет тіліңізді жетілдіресіз.


Күнделік – сезімдерді шығарудың тамаша құралы. Сіз күніңіздің қалай өткені туралы жаза бастағанда сіздің барлық ойларыңыз бен уайымдарыңыз параққа төгіледі! Сонымен қатар күнделік жүргізу күшті сезімдерді білдіріп қана қоймай, оларды түсінуге мүмкіндік береді. Уақыт өте келе, сезімдеріңізді қағазға түсіру арқылы сіз өзіңізбен тереңірек байланысты сезінесіз, өзіңізді жақсы түсініп, қабылдай бастайсыз.



БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ:

КҮНДЕЛІК ЖҮРГІЗУДІ ҚАЛАЙ БАСТАУ КЕРЕК?

1. Күнделік форматын **анықтаңыз**: жалпыға қолжетімді блог немесе жеке жазбалар, қағаз немесе электронды, телефондағы жазбалар немесе қолжазба.
2. Әдемі қаламдар, қарындаштар, блокнот және стикерлерді **таңдаңыз**.
3. Ешқандай алаңдамай жазу үшін **тыныш жер табыңыз**.
4. Шығармашылық орта **жасаңыз** (шай, көрпе).
5. Шабыт алу үшін музыкалық әуендер тізімін **таңдаңыз**.
6. Жазу үшін тұрақты сағат **бөліңіз**, бұл – журнал жүргізудің рәсімдік сипатын береді.
7. Не туралы жазуды бастау керектігі туралы идеяларды **жинаңыз** немесе нұсқаулары бар күнделікті таңдаңыз.
8. Суреттер, фотосуреттер, журнал қиындылары, басып шығарылған суреттер және саяхат билеттері жинақталған журналды безендіруге арналған қорапты **іске қосыңыз**.



КҮНДЕЛІК ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ?

1. Алғыс күнделігі.
2. Жетістіктер тізімі.
3. Бақылаулар.
4. Өзіңізбен сөйлесу.
5. Арт-терапия.

